

2022 жылғы қаңтар-қазанда Қазақстан Республикасында құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

Релиздің күні: 2022 жылғы 15 қараша
Келесі релиздің күні: – 2022 жылғы 15 желтоқсан

1. Негізгі сәттер
2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
4. Глоссарийлер
5. Әдіснамалық түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі сәттер

Құрылыс саласы тез өсетін экономикалық салалардың бірі болып табылады және соңғы екі жылда тұрақты оң өсімі бар.


2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2022 жылғы қаңтар-қазанда орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 5%-ға өсіп, 4471 млрд. теңгені құрады.

Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен - 83,8%, шетелдік - 16,1%, мемлекеттік - 0,1% орындалды.

Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Айлар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

2022 жылғы қаңтар-қазанда өткен жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда құрылыс жұмыстар көлемінің өсуі құрылыс жұмыстарына және тұрғын емес ғимараттарды жөндеуге (14,1%), тұрғын үй құрылысында (9,4%) және имараттарға (6,2%), байланысты.

2022 жылғы қаңтар-қазанда орындалған құрылыс жұмыстарының түрлері бойынша ең үлкен үлес салмағын тұрғын емес ғимараттар (22,8%), тұрғын ғимараттар құрылысы (15,4%) және жолдар құрылысы (14,3%) алады.

Аумақтық бөлінісінде республиканың 17 өңірінде құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы байқалады. Ақмола (26,8%), Қызылорда (22,9%), Алматы (16,4%), Жетісу (13,9%), Ұлытау (13,5%), Атырау (11,2%) облыстарында және Шымкент (38,6%) қаласында елеулі өсуі байқалады.

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

	Барлығы, мың теңге	2022 жылғы қазан, %		2022 жылғы қаңтар-қазан 2021 жылғы қаңтар-қазанға	Республикалық көлемге пайызбен
		2022 жылғы қыркүйекке	2021 жылғы қазанға		
Қазақстан Республикасы	4 471 011 672	50,4	103,9	105,0	100,0
Абай	106 173 359	87,9	169,5	85,8	2,4
Ақмола	185 768 230	59,3	126,4	126,8	4,2
Ақтөбе	182 382 208	33,6	111,4	104,2	4,1
Алматы	210 935 223	86,7	130,6	116,4	4,7
Атырау	889 662 733	47,7	108,8	111,2	19,9
Батыс Қазақстан	151 191 386	34,3	103,6	100,5	3,4

Жамбыл	154 803 719	12,5	50,6	104,3	3,5
Жетісу	105 745 190	70,4	184,1	113,9	2,4
Қарағанды	260 233 566	41,2	125,9	91,1	5,8
Қостанай	142 543 329	60,5	81,7	104,5	3,2
Қызылорда	98 616 657	26,4	69,0	122,9	2,2
Манғыстау	133 680 358	47,1	84,9	66,9	3,0
Павлодар	190 395 015	26,9	92,5	105,1	4,3
Солтүстік Қазақстан	87 405 112	25,6	79,6	107,6	2,0
Түркістан	229 478 063	67,7	70,6	105,1	5,1
Ұлытау	75 848 386	81,5	142,0	113,5	1,7
Шығыс Қазақстан	203 111 509	62,6	140,3	108,5	4,5
Астана қаласы	491 402 395	63,9	82,1	101,1	11,0
Алматы қаласы	421 588 896	65,9	103,2	105,1	9,4
Шымкент қаласы	150 046 338	46,9	131,4	138,6	3,4

Электрондық кестелер:

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде объектілердің түрлері және жұмыстардың түрлері бойынша](#)

[Кәсіпорындардың мөлшерлігі бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

[Технологиялық құрылымы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)


[Салынып жатқан объектілердің түрлері бойынша құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 13930,4 мың шаршы метрді құрады.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 2021 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда 1,1%-ға көбейіп, 11724,8 мың шаршы метрді құрады, олардан 6355,8 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 5310,9 мың шаршы метр - жеке үйлер. Тұрғын үйдің едәуір бөлігін – 10907,6 мың шаршы метрді немесе 93%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде жалпы көлемінде 46,6%-ды құрайтын, 5463,1 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.


Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		Оның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңы шаршы метрмен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	мемлекеттік меншік	жеке меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
Қазақстан Республикасы	11 724 765	101,1	647 100	10 907 593	5 463 078	101,4	170 072
Абай	216 445	89,0	28 125	188 320	76 461	74,7	-
Ақмола	539 932	111,8	-	539 932	292 842	82,4	-

Ақтөбе	778 720	101,6	1 783	x	507 308	114,6	x
Алматы	724 785	110,9	12 085	712 700	606 298	104,6	-
Атырау	672 161	88,7	-	672 161	460 383	82,7	-
Батыс Қазақстан	439 015	105,0	45 783	382 806	186 746	84,4	10426
Жамбыл	545 948	101,9	89 067	456 881	431 408	110,2	-
Жетісу	194 016	106,8	10517	183 499	148 106	114,9	-
Қарағанды	414 419	101,7	35 983	378 436	119 601	109,6	-
Қостанай	395 484	102,1	29 594	360 174	157 277	111,8	5716
Қызылорда	556 391	105,5	5 838	550 553	542 188	115,3	-
Манғыстау	804 176	84,3	-	804 176	388 127	83,0	-
Павлодар	223 803	106,1	20 933	x	116 700	101,1	x
Солтүстік Қазақстан	135 985	100,2	19 933	102 498	78 571	64,0	13 554
Түркістан	719 533	143,0	269 496	450 037	417 915	107,0	-
Ұлытау	36 369	60,4	11 449	24 920	20 428	66,7	-
Шығыс Қазақстан	204 578	108,4	6112	198 466	80 430	86,7	-
Астана қаласы	1 971 929	86,6	10 692	1 857 791	69 615	96,4	103 446
Алматы қаласы	1 552 098	108,6	-	x	433 097	101,8	x
Шымкент қаласы	598 978	126,2	49 710	549 268	329 577	193,9	-

2022 жылғы қаңтар-қазанда білім беру және денсаулық сақтау саласында 31639 оқушылар орынына арналған 48 жалпы білім беру мектептері, 3489 орынға арналған 31 мектепке дейінгі мекемелер және 430 төсек-орынға арналған 3 аурухана, сонымен қатар ауысымына 640 келушіге арналған 14 амбулаториялық емхана пайдалануға берілді.

Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру



Электрондық кестелер:

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Қаржыландыру көздері және меншік нысандары бойынша тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру туралы \(пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы\)](#)

[Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

[Тұрғын үйдің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)

[Халықтың 1000 адамына шаққандағы тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру](#)

[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру](#)

4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпықұрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік ғимараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

[«Қазақстан Республикасындағы көлік» статистикалық жинағы](#)

7 Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-КС айлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-КС, айлық\);](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, айлық\);](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: Ә. Шауенова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: О. Эдель Тел. +7 7172 749313 E-mail: O.Edel@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министрліктер үйі, 4 подъезд
--	---	--	--